

Ресейдің құрлық бөлігін газбен бірнеше онжылдықтарға қамтамасыз етеді және әлем нарығына экспорттауға мүмкіндік тудырады. Сахалин аралы шельфінің табиғи жағдайы әлемдегі ең қатігездерінің бірі болып табылады. Олар ашық теңізде жүргізілетін жұмыстардың технологиясын таңдауға әсерін тигізеді, стандартты емес операцияларды қолдануды талап етеді. Жұмыс кезеңінің ұзақтығының шектеулігін есепке алынған теңізде жүргізілетін құрылыс пен іздеу-барлау жұмыстарының алдыңғы қатарлы әдістерін пайдалануды талап етеді.

Өндірістік игеруге дайын Чайво теңіз кен орны (1979ж. ашылған), Одопту теңізі (1977ж.), Лунское (1984ж.) және Пильтун-Асохское (1986ж.) болып табылады. Өндірістік игеруге дайындық үстіндегі кен орын Аркутун-Дагий (1989ж.). Бұл кен орындар жалпы қоры бойынша Сахалин аралының қорының 92%-ын құрайды. Қазіргі таңда Ресейде «Сахалин-І» – «Сахалин-V» жобалары бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

1.4 Қазақстанның теңіз жобалары

Қазақстанның мұнай саласы ғасырлық тарихқа ие. Өткен жүз жылдақ ішінде мұнайды игеру тек құрғақта ғана жүргізілген. ХХІ ғасырдан Қазақстанның отын-энергетикалық тарихында теңіз кен орындарын өте жылдам қарқынмен игеру уақыты басталды. Теңізде кен орындарын игеру мамандардың бағалауы бойынша көмірсутекті шикізаттың өсуін қамтамасыз етеді. Қазақстан секторының Каспий теңізінің көмірсутектерінің мүмкін болатын қорлары шартты отынның 13 млрд. тоннасына бағаланады. Жалпы әлемдік мәнге ие жағдайлардың бірі ретінде мұнда Қашаған кен орнының ашлуы болды. Қорлардың айтарлықтай өсуін Қазақстанға тиесілі Құрманғазы құрылымы қамтамасыз етуі мүмкін, ол Каспидің Ресеймен шекаралас ауданында орналасқан. «Құрманғазы» жобасын жүзеге асыру үшін «ҚазМұнайГаз» және «Ростнефть» компаниялары негіінде жуық арада консорциумы жұмыс жасайды. Каспий және Арал теңіздерінің шельфтерінде көптеген перспективалы кен орындарының ашылуы және және жалғасып жатқан геологиялық зерттеулер жаңа кен орындарының ашылуына себепкер болуда, олар Қазақстанның қуаты мен деңгейін әлемнің мұнай державаларының бірі ретінде күшейтеді.

Қазақстанның ішкі теңіздерінің шельфтерінде масштабты геологиялық зерттеулер 1993 жылы Солтүстік Каспиде геологиялық қадағалау жұмыстарын жүргізу үшін Консорциум туралы Келісімге қол қоюдан басталған. Халықаралық консорциум құрамына Agip, BritishGas, British Petroleum, Statoil, Mobil, Shell және Total компаниялары енді. Консорциумның операторы ретінде арнайы жасалған «Қазақстанкаспийшельф» мемлекеттік компаниясы болды. 1994-1997 ж аралығында көлемі шамамен 26,18 мың км² болатын теңіз сейсмикалық қадағалау жұмыстары жүргізілген. Шамамен 100 мың км² ауданда 96 құрылым локализацияланған, ірі құрылымдардан Солтүстік Каспий туралы жаңа деректер алынды.